



*Асығың алшысынан түссін, балақай!*

Аты-жөні: ..... Мектебі: ..... Сыныбы: .....  
 Тел: ..... Ұпай саны: .....

**Барлығы 100 ұпай , уақыты 90 мин.**

**Есінде болсын!!!**


 Тапсырмаларды тек көк қаламмен жазу керек.  


**I. Бос орын толтыру сұраулары ( бос орындарға тек жауап жазу талап етіледі. Әрбір сұрақ 4 ұпайдан, барлығы 40 ұпай).**

1. Он ондық пен бес бірліктен тұратын санды тап: [            ].
2.  $1A26 + 990 = 201B$       $A = [        ]$ ,  $B = [        ]$ ;
3. Биыл інісі 6 жаста, ағасы 15 жаста. Бірнеше жылдан кейін олардың жастарының қосындысы 65 жаста болғанда, ағасы [        ] жаста, інісі [        ] жаста болады.
4. Мен бір сан ойладым, сол санды 4-ке көбейтіп, тағы 112-ны қосып, 20-ны алып тастап, сосын 4-ке бөлдім, нәтижесінде 100 шықты. Онда мен қандай сан ойладым: [        ].
5. Төменде көрсетілген ребустағы әр түрлі әріптер әр түрлі сандар, бірдей әріптер бірдей сандар болса, онда  $A + B + C = [        ]$ .

$$\begin{array}{r} A B 8 B \\ - A 9 C \\ \hline 8 8 8 \end{array}$$

6. Торғай өзі тұрған ағаштан көрші ағашқа секіре алады. Оның бір рет секіруіне 2 секунд уақыт қажет. Ол 4 рет алдыға, 1 рет артқа секіреді. Сосын тағы да 4 рет алдыға, 1 рет артқа секіреді. Осылай жалғастыра берсе А-дан Б-ға қанша уақытта секіріп бара алады? [        ]



7. Екі машина бірдей жылдамдықпен жүріп келеді. Біріншісі жолда 8 сағат, екіншісі 12 сағат болған. Бірінші машина екіншісіне қарағанда 360 км аз жүрген. Бірінші машина [        ] км, екінші машина [        ] км жол жүрген.
8. Анам 4кг балық пен 3кг картоп сатып алуға 590 теңге жұмсады, ал әкем 7кг балық пен 3кг картоп сатып алуға 740 теңге жұмсаған болса, онда балықтың 1 килограммы қанша тұрады? [        ].
9. Төмендегі сан қатарының заңдылығын тауып, бос орынды толтыр.  
 625, 125, 25, 5, [        ].  
 64, 48, 40, 36, [        ].
10. Төрт оқушы салмақтарын өлшеді, олардың салмақтары төмендегідей:

36кг,     42кг,     37кг,     40кг

Азамат: « Мен Ұланнан салмағым ауыр, ал Асланнан жеңілмін » – деді.

Ұлан: «Мен Асқардан ауырмын » - деді.

Осы төрт оқушыны салмағы ауырынан жеңіліне қарай жаз.

[            ], [            ], [            ], [            ]

## II. Талдау сұраулары ( Әрбір сұрақ 3 ұпайдан, барлығы 24 ұпай).

1.  $\boxed{497}$ ,  $\boxed{3}$ ,  $\boxed{219}$ ,  $\boxed{7}$ ,  $\boxed{360}$ ,  $\boxed{4}$ ,  $\boxed{5}$ , осындай 7 карточка бар. А, Б, С үш адам осы карточкаларды екіден бөліп алғаннан кейін, бір карточка асып қалды. Олар алған сандарын бір-біріне бөліп, бөлінді мәнін ғана айтты.

А адам: «Меніңкі 71» - деді.

Б адам: «Меніңкі 72» - деді.

С адам: «Меніңкі 73» - деді. Сонда қалған карточкадағы сан қанша?


- (А) 4                      (Б) 7                      (В) 3                      (Г) 5                      (Д) 6

2. Тиын А пунктiнен В пунктiне 4 жолмен, ал В пунктiнен С пунктiне 3 жолмен барады. А пунктiнен С пунктiне В пунктi арқылы өтiп неше түрлi жолмен баруға болады?

- (А) 22                      (Б) 20                      (В) 11                      (Г) 12                      (Д) 13



3. Төмендегі екі фигурадан құрастырылмайтын суретті тап?



4. Теплоходтың жылдамдығы 55 км/сағ, ал электровоздың жылдамдығы одан 110 км/сағ артық. Теплоходтың жылдамдығы электровоздың жылдамдығының неше есесіндей?

- А. 2 есе;                      Б. 6 есе;                      В. 4 есе;                      Г. 3 есе.                      Д. 5 есе

5. «Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығында 90 оқушы математикалық олимпиадаға дайындалады. А және Б тобында - 66 оқушы, Б және С тобында – 54 оқушы бар болса, Б тобында қанша оқушы бар?

- А. 24;                      Б. 30;                      В. 20;                      Г. 66;                      Д. 54;

6. I, II, III, IV төрт бала жұмыс істеді.

I бала: «II мен IV жұмыс істеді» - деді.

II бала: «IV бала жұмыс істеді» - деді.

III бала: «Мен жұмыс істеген жоқпын» - деді.

IV бала: «Мен де жұмыс істеген жоқпын» - деді.


Осылардың ішінде біреуі өтірік айтқан, талдау жасап кімнің жұмыс жасағанын анықта:

- А. I;                      Б. II;                      В. III;                      Г. IV;                      Д. Анықтау мүмкін емес;

7. Темір жол бойындағы бағандардың аралығы 7м, поезд вагонында отырған адам 3 мин ішінде 151 бағаннан өткенін санаған. Поездың бір минутта жүрген жылдамдығын тап?

- А. 1050;                      Б. 350;                      В. 157;                      Г. 151;                      Д. 1057;

8. Төмендегі фигуралардан бір нүктеден бастап, қарындашты көтермей және бір сызықты екі рет қайталамай сызып шығуға болмайтын сызбаны тап?



А

Б

В

Г

Д

## III. Есептеу сұраулары ( Әрбір сұрақ 9 ұпайдан, барлығы 36 ұпай).

1. Қоян тауықтан 3кг-ға ауыр. Егер 2 қоян мен 5 тауықтың салмағы бірдей болса, онда 1 қоян қанша кг болады? Сызбамен көрсет.

**Шешуі:**

**Жауабы:**

2. «ZERDELI» үшбұрышының құпиясын тап.

$$\begin{array}{r} \text{Z E R D E L I} \\ \text{Z E R D E L} \\ \text{Z E R D E} \\ \text{Z E R D} \\ \text{Z E R} \\ \text{Z E} \\ \text{Z} \\ \hline 1 \ 3 \ 7 \ 1 \ 3 \ 9 \ 3 \end{array}$$

3. Жұмысшы бір жыл жұмыс жасаса, еңбек ақысына 1800тг және бір «Алтын сақа» алады. Егер жұмысшы 7 ай жұмыс істегеннен кейін 490тг және бір «Алтын сақа» алып жұмыстан шығады. «Алтын сақа» бағасы қанша теңге екенін тап?

**Шешуі:**

**Жауабы:**

4. Егер АВ кесіндісінің ұзындығы 20см болса, онда берілген бес шаршының периметрін тап

